

## №3 СӨЖ

### 1-тапсырма.

Ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша презентация дайындау

1. Қазақстан Республикасының металлургия кешенінің даму тарих
2. Металлургия кешенінің салалары және олардың даму ерекшелігі
3. Металлургия кешенінің нарық экономика жағдайында дамуы
4. Дүние жүзілік металлургия өнімдерін шығару бойынша республиканың алатын орны

**2-тапсырма.** Презентация жасаған тақырып бойынша глоссарий дайындау (25-30сөз)

**3- тапсырма.** «Қара металлургия – Қазақстан ауыр өнеркәсібінің жас саласы» мәтініне ғылыми пікір жазыңыз

### **Қара металлургия – Қазақстан ауыр өнеркәсібінің жас саласы.**

Қазіргі кезде оның толық және орташа циклді өндіріс кәсіпорындары бар. Бұл кәсіпорындар шойын, болат, прокат бұйымдарын шығаратын болса, олар толық циклді өндіріс кәсіпорындары болып есептеледі, ал сол зауытта тек болат қорытылып прокат бұйымдары шығарылса онда орташа циклді өндіріс кәсіпорындары деп аталады. Қара металлургияның орналасу факторы шикізат көзіне, отын және экологиялық мәселелерге байланысты. Қазір республикамызда 30 дан астам темір кен орны бар. Негізінен кен орындары Орталық Қазақстан мен Қостанай облыстарында Соколов Сарыбай, Лисаков , Қашар, Атасу, Алттай кен орындарының кендерді байыту комбинаттарында байытылған соң металлургия зауыттарына жіберілдеі. Соколов Сарыбай кен байыту комбинаттарының өнімін Могнитогор металлургия зауыты пайдаланылады. Темір кенінің 85 % Қазақстанның солтүстігінде шоғырланған. Қазіргі кезде толық циклді зауыт Теміртау қаласында орналасқан. Бұл кәсіпорында шойын, құбыр, рельс, жұқа табақ, ақ қаңыстар шығарылады. Осы комбинатта шығарылаған ақ қаңылтыр еліміздің концерві өндірісін толық қамтамасыз етіп отыр. Темір кені қорынан Қазақстан ТМД – да 3 орын алады. Республикада жалпы қара металлургия да дамып келеді. Ақтөбе зауыты хромтаудың хромиті мен жұмыс істеп феррохром шығарса, Ақсу зауыты Оралдан жеткізілетін кварцитті пайдаланып, ферроцилий шығарады. Ферроқорытпалар өндіріс энергияны көп қажет етеді.

Сондықтан олар жылу электр станцияларында салынған. Қазақстан өндірілген ферро қорытпаны 60 % — дан астамын шел елдерге шығарады. Одан жыл сайын 100 млн АҚШ доллары шамасында пайда табылады.

Қара металлургия әр түрлі металлургиялық шикізатты өндіру мен қара металды шығаруда үлкен ұлттық комплекс түрінде қалыптасты. Бұл салада өндіріс концентрациясында үлкен дәрежеге жеткен: Республикадағы прокат шығару кармет комбинатқа негізделген, республикадағы темір рудасын өнімдерін шығарудың 61 % Соколов – Сарыбай тау кенбайыту комбинатына негізделген, ал Ермаков ферроқорытпа зауытына жалпы өндірістің 81% -ы негізделген. Қазақстанның қара металлургиясының құрамына 5 сала кіреді:

1. Таурудалық
2. Металлургиялық
3. Ферроқорытпалық
4. Огнеупорлық
5. Ломды қайта өндіруші

Бұларда үлкен темір рудалық өндірістер жұмыс істейді, (Соколов Сарыбай, Лисаков, Қашар тау-кенбайыту комбинаты) жөнінде хромитті өнеркәсіптер, Қарағандылық металлургиялық комбинат және де 2 ферроқорытпа заводы (Ермаков, Атасу), Казогнеупор (Рудный қаласы және «Қазытар чершт (Алматы қ. ) заводтары жұмыс жасайды.

Қара металдың өнеркәсіптері территория бойынша республикамыздың 5 аймағында орналасқан Қостанай , Қарағанды, Ақтөбе, Жезқазған, Павлодар), ол жерде пайдалы қазбалар мен су энергетикалық ресурстар жақын жерде кездеседі.

Республикамыздағы қара металлургия минералды шикізат базасына бай, Теміртаулық өндірістің дамуы Қарағандылық, Могнитогорлық және Батыс Сібір металлургиялық комбинаттарының шикізатпен қамтамасыздандыру яғни жоғары сапалы және оңай.....

**(Баян РАҚЫШЕВ, академик, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ кафедра меңгерушісі.**

«Егемен Қазақстан» 02 Шілде, 2011)

#### **4- тапсырма.**

Мамандық бойынша 6-8 ғылыми жұмыстарға (диссертациялар, монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, ғылыми журналдар мен мақалалардағы) библиографиялық сипаттама жасау.